«Altay Business»: инвестиция, инновация

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Нелли АХМЕРОВА

Өскемен қаласында кәсіпкерлер, бизнес өкілдері, сарапшылар және мемлекеттік органдардың қатысуымен «Altay Business» форумы өтті. Ауқымды алаңда өңірдегі шағын және орта бизнесті дамытудың негізгі бағыттары талқыланып, тәжірибе мен нақты құралдар алмасуға мүмкіндік жасалды. «Altay business» форумына жалпы 1000-нан астам қатысушы жиналған. Форумның басты мақсаты — өңірдегі кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру және жастар мен бизнес өкілдері үшін тиімді диалог алаңын қалыптастыру.

Форум аясында ауқымды көрме ұйымдастырылды. Көрмеде мемлекеттік қолдауға ие болған 50-ден астам шағын және орта бизнес субъектілері өз өнімдері мен қызметтерін ұсынды. Көрмеге өндіріс, туризм, креативті индустрия және басқа да түрлі салалардағы кәсіпкерлер қатысуда. Бұл алаң кәсіпкерлерге өз жобаларын кеңінен таныстыруға, жаңа серіктестер табуға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беріп отыр. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов көрмені аралап, қатысушылардың өнімдерімен танысты. Әсіресе, жас кәсіпкерлердің бастамаларына ерекше назар аударды. Кәсіпкерлер өз жобаларын таныстырып, ұсыныс-пікірлерімен бөлісуге мүмкіндік алды.

– Форумның негізгі мақсаты – мемлекеттік органдар, жастар, стартаперлер және жас кәсіпкерлер арасында тікелей диалог алаңын қалыптастыру. Сонымен қатар, өңірде ұсынылып жатқан мемлекеттік қолдау шараларын, соның ішінде гранттар мен жеңілдетілген несиелерді кеңінен таныстыру және түсіндіру көзделеді. Бүгінгі көрмеде өңірде жұмыс істеп жатқан шағын және орта бизнес субъектілері өз өнімдерін ұсынуда. Олардың қатарында өндіріс, туризм, креативті индустрия және өзге де салалардағы кәсіпкерлер бар. Іс-шара аясында мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігі көрсетіліп, кәсіпкерлер үшін қолжетімді мүмкіндіктер жан-жақты насихатталады, – деп атап өтті кәсіпкерлік басқармасы басшысының орынбасары Арман Есентаев.

Форум бизнес пен билік арасындағы ашық диалог алаңына айналып отыр. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, қазіргі экономикалық жағдайда бизнесті дамыту мен бейімдеудің тиімді жолдарын ортаға салуда. Сонымен қатар, алаң кәсіпкерлер үшін жаңа серіктестіктер орнатуға және өз жобаларын таныстыруға жол ашты.

Ел көлемінде де инвестициялық ахуалды жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі инвестициялық ахуал жалпы алғанда тұрақты екенін атап өткен болатын. 2022 жылдан бері тартылған тікелей инвестиция көлемі 84 миллиард доллардан асып, негізгі капиталға салынған қаражат шамамен 50 пайызға артқан. Дегенмен, Президент инвестиция тарту қарқынын әлі де жеделдету қажет екенін айтты.

– Мемлекет жеке капитал рөлін өзіне алудан бас тартуы қажет. Жеке капитал тартуға қолайлы жағдай жасау үшін біраз еңбектену қажет. Ал қаржыны қазынадан алып, оны инвестиция деп көрсете салу әлдеқайда оңай. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмей, нарықтық экономика қағидаттарына бағыну қажет, – деген болатын Мемлекет басшысы.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов өңірдің дамуы үшін мықты бизнес қажет екенін атап өтіп, кәсіпкерлерге барлық мүмкіндік жасалып жатқанын айтты.

– Бизнес пен мемлекет арасындағы сенім – тұрақты дамудың басты негізі. Сондықтан әкімшілік кедергілерді азайту, жобаларды қолдау және бизнесті сүйемелдеу бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Соңғы жылдары әкімшілік рәсімдер 60 пайыздан астам қысқартылды. Бүгінгі форум – тек пікір алмасу алаңы ғана емес, нақты шешімдер қабылданатын, жаңа серіктестіктер қалыптасатын және жобалар жүзеге асатын маңызды кеңістік, – деді облыс әкімі.

Шығыс Қазақстан облысы инвестиция тарту көрсеткіші бойынша еліміздегі алдыңғы қатарлы өңірлердің бірі болып саналады. Мұнда еліміздің өнеркәсіп өндірісінің 6 пайыздан астамы қалыптасады. Инвестиция көлемі шамамен 850 миллиард теңгені құрайды. Шағын және орта бизнес өңір экономикасының 24–25 пайызын құрайды. Облыста 38 мыңнан астам ШОБ субъектісі жұмыс істейді, онда шамамен 160 мың адам еңбек етеді. Бұл – өңірдің экономикалық тұрақтылығы мен әлеуметтік дамуының негізі.

Форум барысында түрлі саладағы сарапшылар сөз сөйлеп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтқанда, «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктері, IT-экожүйе, туризм саласындағы трендтер, бизнестегі жасырын мүмкіндіктер мен экспорт әлеуеті кеңінен талқылануда. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары туралы да жан-жақты ақпарат берілуде.

Айта кету керек, өңірде кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Бұған дейін өткен «Altai Invest» форумы да инвестициялық белсенділікке серпін беріп, нақты нәтижелерге қол жеткізген болатын. Аталған шараға 10 елден 300-ден астам қатысушы қатысып, нәтижесінде жалпы сомасы 740 млрд теңгені құрайтын 40 меморандумға қол қойылған.

8 ЖАСТАҒЫ ҚЫЗДЫҢ ТОСЫН СҰРАҒЫ

«Altay business» форумы аясында өткен Samga подкастында күтпеген, бірақ жүрекке жылы сәт орын алды. Өскемендік 8 жастағы Кәусар Жасұланқызы облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановқа бала кезіндегі арманы туралы сұрақ қойды. Кішкентай қыздың шынайы сауалы подкаст атмосферасын бірден жандандырып, әңгімеге ерекше реңк берді. Аймақ басшысы бұл сұраққа жауап бере отырып, өз балалық шағына шегініс жасады.

– Біздің кезде мүмкіндіктер қазіргідей кең болған жоқ. Кеңестік дәуірде шектеулер көп еді, ақпарат та қолжетімді болмады. Бірақ сол уақыттың бір үлкен ерекшелігі – ғарыш саласының дамуы. Көптеген балалар сияқты біз де ғарышкер болуды армандадық, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Сонымен қатар, әкім қазіргі жастардың мүмкіндігі әлдеқайда жоғары екенін атап өтті. Бүгінде білім алуға, түрлі бағытта дамуға барлық жағдай жасалған. Кәусардың қарапайым ғана сұрағы үлкен буынның естелігі мен бүгінгі ұрпақтың мүмкіндігін тоғыстырған әсерлі сәтке айналды.

«БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

«Altay Business» форумы өңірдегі кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған нақты бастамалармен түйінделді. Жиында билік пен бизнес арасындағы өзара іс-қимылды жаңа деңгейге көтеру қажеттігі айтылды. Аймақ басшысы экономиканың дамуы нақты шешімдер мен жедел әрекетке байланысты екенін атап өтті.

– Біздің басты міндетіміз – бизнес алдында тұрған кедергілерді кезең-кезеңімен жою, қолайлы жағдай қалыптастыру және жобаларды нақты нәтижеге дейін жеткізу. Яғни, артық созбалаңға салмай, рәсімдерді азайтып, нақты іске көшу қажет. «Altay Business» форумы – бұл қорытынды емес, керісінше жүйелі жұмыстың бастамасы. Бүгін көптеген маңызды ұсыныстар айтылды. Біз сіздерді естідік, диалогқа дайынбыз. Әсіресе, «бір терезе» қағидатын жетілдіру және рәсімдерді оңайлату мәселесіне басымдық беріледі, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, «бір терезе» қағидаты негізінде кәсіпкерлерге арналған арнайы алаң құру жоспарланып отыр.

– «Бір терезе» тек формат қана емес, ол — тұрақты диалог алаңы. Бұл жерде бизнес пен мемлекет өзара тиімді әрекет етеді, мәселелер жиналмай, жедел шешіледі. Болашақта бұл кәсіпкерлер өз жобаларын дамытып, қажетті қолдауды жедел ала алатын толыққанды сервис орталығы болады. Сонымен қатар, креативті индустрияларды дамыту орталығын құру мүмкіндігі де қарастырылып жатыр, – деді аймақ басшысы.

Өңірде инвестиция тарту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда оның үлесі 16–17 пайызды құраса, алдағы уақытта 25–30 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

– Соңғы жылдары өңірден халықтың көшуі азайып келеді. Бұрын 10–20 мың адамға дейін көшіп кетсе, қазір бұл көрсеткіш бірнеше мыңға дейін төмендеді. Бұл — жергілікті билікке деген сенімнің артқанын көрсетеді. Мемлекет басшысының негізгі талабы – халықтың сенімін күшейту және инвестиция тартуға жағдай жасау. Сондықтан біз барлық кедергілерді жойып, өңірдің дамуына бірге жұмыс істейміз, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫНА БАҒЫТТАЛҒАН БИЗНЕС

Үлкен Нарын ауданында жас кәсіпкер Дина Ринат туризм саласында табысты жобасын жүзеге асырып келеді. Кәсіпкер Бұқтырма су қоймасының жағалауында орналасқан демалыс орнын таныстырып, оның мүмкіндіктері мен даму жоспарлары туралы айтты. Дина Ринаттың айтуынша, бұл жоба тек демалыс орны ғана емес, сонымен қатар балалардың жазғы уақытын тиімді өткізуге бағытталған маңызды әлеуметтік алаңға айналған.

– Бүгін мен Үлкен Нарын ауданында, Бұқтырма су қоймасының жағалауында орналасқан демалыс орнын таныстырып отырмын. «Altay Business» алаңы тиімді тәжірибе алмасу орны болады деп үміттенемін. Сондай-ақ, шағын және орта бизнестің өзекті мәселелерін талқылауға мүмкіндік беретін маңызды платформа деп ойлаймын, – деді жас кәсіпкер.

Кәсіпкердің сөзінше, жоба мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында да жүзеге асырылып келеді. Өткен жылы демалыс лагерінде 1500 бала жазғы тынығумен қамтылған.

– Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өткен жылы біз өз лагерімізде 1500 баланы қабылдадық. Лагерь аумағында балаларға арналған екі демалыс аймағы, футбол алаңы, волейбол алаңы және воркаут аймағы бар. Сонымен қатар, осы жоба аясында жаңа жұмыс орындары ашылды. Биыл да бұл жұмысты жалғастыруды жоспарлап отырмыз, – деді Дина Ринат.

Айта кету керек, мұндай бастамалар өңірде туризмді дамытуға, балалардың қауіпсіз әрі сапалы демалысын ұйымдастыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға оң әсерін тигізіп отыр. Жас кәсіпкердің жобасы – өңірдегі шағын және орта бизнестің дамуына үлес қосып отырған табысты мысалдардың бірі.

БАЛАЛАР ПОДКАСТЫ – ЖАҢА БАҒЫТ

Өскемен қаласында өткен «Altay Business» форумы аясында балаларға арналған жаңа подкаст жобасы көпшілікке ұсынылды. Көрме алаңында таныстырылған бастама бала тәрбиесі, отбасы және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Жобаны «Самға» даму орталығы жүзеге асырып отыр. Орталық жетекшісі Әлия Көңілханқызының айтуынша, подкасттың басты мақсаты – балалардың ой-пікірін тыңдап, олардың еркін пікір білдіруіне мүмкіндік жасау.

– Бүгінгі подкаст тақырыбы бойынша жалпы отбасы құндылықтары, ұлттық құндылықтар және бала тәрбиесі туралы айтқымыз келеді. Біздің орталықта актерлік шеберлік, сахна тілі және балалар тәрбиесі бағыттары жүргізіледі. Соның бір жаңа бағыты ретінде балаларға арналған подкаст жобасы іске қосылып жатыр. Бұл жоба балалардың ойларын тыңдауға, олардың пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Қазіргі таңда балаларға тек үйрету ғана емес, олардың көзқарасын білу, ойымен санасу да өте маңызды, – деді ол.

Жоба көрмеге келушілердің қызығушылығын тудырып, ерекше форматымен ерекшеленді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, подкаст балаларға ашық әрі еркін форматта өз ойын жеткізуге мүмкіндік береді.

– Подкаст форматы арқылы балалар өз ойларын еркін жеткізе алады. Ең бастысы — олардың пікірін шектеусіз тыңдау. Сол кезде балалардың ішінде айтылмай жүрген көптеген ойлар мен маңызды мәселелер бар екені байқалады, – деді Әлия Көңілханқызы.

Бүгінде қоғамда отбасы және ұлттық құндылықтар жиі айтылғанымен, балалармен ашық диалог орнату кейде жеткіліксіз болып жатады. Аталған жоба осы олқылықтың орнын толтыруды көздейді.

– Шығыс Қазақстанда, оның ішінде Өскемен қаласында балалар подкасты бұрын кең таралмаған. Сондықтан бұл жоба – жаңа бағыт, жаңа мүмкіндік және балалар контентін дамытудағы маңызды қадам, – деді орталық жетекшісі.

Жоба аясында бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер, отбасы құндылықтары, ұлттық тәрбие және балалардың ішкі жан дүниесі кеңінен қозғалады. Сонымен қатар, балалардың да ой-пікірін тыңдауға ерекше мән берілмек.

Айта кетейік, подкаст студиясы бастапқыда жалға алынған шағын кеңістікте жұмысын бастаған. Кейін жоба мемлекеттік қолдау аясында өткізілген конкурсқа қатысып, нәтижесінде 5 миллион теңге көлемінде грант иеленген. Осы қаржыға қажетті техникалық жабдықтар сатып алынып, студия толыққанды форматта жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Бүгінде бұл алаң сапалы контент әзірлеуге, балалар мен жасөспірімдердің еркін пікір білдіруіне жағдай жасап отыр.